




Белгілі жазушы Медеу Сәрсекенің екінші ерлігі — «ЖЗЛ» сериясынан «Ебіней Бөкетовті» шығарғандығы. Қаныш Сәтбаев пен Ермұхан Бекмаханов секілді Бөкетовті жазушыға оңай соққан жоқ, Медеу Сәрсекен өткен сұхбатымызда Сәтбаев пен Бекмаханов жөнінде толғаған едік. «Ебіней Бөкетовтің» Мәскеуде шығу тарихы қалай? Жазушымен әңгімеміз де осы төңіректе өрбиді.



Екінші кітап —

БӨКЕТОВ

— Медеу аға, «ЖЗЛ» сериясынан шыққан екінші кітабыңыз — «Ебіней Бөкетов». Оның да шығуы осылай оңды шешілді ме?

— Шындығын айтқанда, екінші кітап «Бекмаханов» болуға тиіс еді. Бірақ іздеген деректеріме қолым жетпеді де «Біртуар Бөкетовті» бұрын аяқтадым. Оны толғауға түрткі болған екі адам: алғашқысы — ғалымның телесі інісі Қамзабай Арыстанұлы, екіншісі жанкүйер — белгілі қаламгер, «Қазақстан» баспасының иегері әрі ұлттық намысы жоғары азамат Нұрмахан Оразбек. Екеуі де 2002 жылдың көктемінде Семейге телефон шалып, Ебіней Арыстанұлының 2005 жылғы 25 наурызда тойланбақ 80 жылдығына дейін ғұмырнама кітап жазуға тапсырма жасады. Менің ойлануым бірер аптаға созылды. Ақырында белді бекем буып, Қамзабекке телефон шалдып, «ағаныздың үйіндегі барлық қолжазбасын, кітаптарын, ғылыми еңбектерін, замандастарымен жазысқан хаттарын түп-түгел Семейге жеткізіп беріңіз, сол материалдар келген күні ғұмырнама бастаймын, ал кітапты бітірген сәтте барін де қайтарамын» дедім. Ол кісі мен сұраған дүниелерді, көлемі екі чеховиана материалды жолдаушылар автобусы арқылы жеткізді. Мен де дереу жазуға отырып, төрт-бес айда бес тараудың нобайын қарайттым. Қиналмай бастауыма Ебекенді студент күнінен білетіндігім, 1956 жылдары басталған сыйластық ақырғы күніне, 1983 жылдың 13 желтоқсанына дейін үзілмегені де мұрындық болғаны анық. Алайда... Академик Бөкетов Қарағандыға ауысқан кезеңіне жеткенімде, қалам кіртіктің бастады. Өйткені сол кісінің қолынан инженер-металлургия дипломын алсам да, көсіп мамандығымнан едәуір қарайып қалыппын. Соны сөзге соң Қарағандыға келіп, Ебекен негізін бекем қалаған ХМИ-да екі апта бойы табан аудармай отырып, байырғы достарым, Ебекен шәкірттерінен (бәрі дерлік техника ғылымдарының докторлары) ғылыми кеңес алдым. Құттықталарды аралап, ғылыми сынақтарды бақыладым. Кейбір шәкірттерінен Ебекеннің басшылығымен жүргізген тәжірибе туралы жазбаша деректер сұрадым. Мысалы, институтта бес жыл бірге оқыған досым, ғалым-металлург Сағынтай Исабаевқа барып, «докторлық диссертацияна жазбаша түсінік бергенше (ал ол ұлы элемент — мышьяқты даралаудың, сақтаудың құпиясын ашқан ірі ғалым, бұл — әлемдік жаңалық!) ешқандай кетпеймін» деп бірнеше күн үйінде қонақ болдым. Ақыры, сұрағаным қолым жетті. Төкен Ғабдолла баласына да соны істедім. Ол да ғылыми докторы, алпыс жасқа жете алмай, берінде қайтыс болды. Сол сапарда да, кейін де маған ерекше қызмет көрсеткен дарынды ғалым әрі Ебекен рухына ерекше адал шәкірті В. Малышев болды. Білім министрлігінің

сол кездегі басшысы, техника ғылымдарының докторы Н.С. Бектурғанов пен фитохимия институтының директоры, академик С.М. Әдекеновке де сондай міндет арттым. Қамзабай Арыстанұлының бастауымен Солтүстік Қазақстан облысына, Шал ақын атындағы ауданға барып, Ебекеннің жастық шағы өткен Есіл жағасын араладым. Сол сапардан да бірталай естелік алып қайттым. Әл-қисса, содан жазуға отырып, сенесіз бе, екі жарым жылда ғұмырнама бастадым. Көлемі 600 бетке тақанды. Бастапқы ойым 25 баспа табак еді, жаза келе тын ойлар туып, неше алуан оқиғалар қосылып, ғұмырнамаңның аясы ғылымға ғана емес, өмірлік тұрғыдан да кеңейіп, 34 баспа табакқа жетті. Нәтижесінде, күллі өмірі айтқыс-тартқысқа толы ғалымның ғылыми алып тұлғасы тұлғаланып, әдеби еңбектері де дараланып, өзгеше сипатқа ие болды. Қолжазбаны аяқтаған соң, Алматы мен Қарағандыға апарып, шәкірттеріне оқыттым. Ама! не, біздің қауымға әдет болып сінген солақай тәрбие белең берді. Көптеген шәкірттері қазақша мәтінді оқи алмайтынын мойындадым. Жазған құлда шаршау бола ма, дүдәмал тұстарын өзін ауызша баяндап, ғылыми дәлдігін тексердім. Мәтінді ұсынғандардан қазақша нұсқаны құлшына оқығандар небәрі екі-үш адам: ҰҒА-ның президенті Мұрат Жұрынов, ерлі-зайыпты ғылым докторлары Әбдуәлі және Ажар Баешовлар және академик Серғазы Әдекенов. Ақырында ғылыми баяндауымын негізгі дұрыстығына көзім жеткен соң, 2004 жылдың желтоқсан айында қолжазбаны «Қазақстан» баспасына тапсырдым. «Фирматты ғұмыр» топтамасының кезекті кітабы болып, «Ебіней Бөкетов» келесі жылы ғалымның туғанына 80 жыл толуы қарсаңында 2 мың дана таралыммен жарық көрді. Кітаптың алғысөзін академик М. Жұрынов жазды. Сол кітапты біз сатуға шығармай, республика кітапханаларына тегін тараттық.

— Ебіней Арыстанұлының ғұмыры сыныра күрес екені мәлім. Ғұмырнама кітапта соның бәрін көрсеттіңіз бе? Ғалымға кімдердің қастандық жасағаны, ҚарМУ-дың тұңғыш ректоры болған кезде басына кешкен зобалаңдары жинаққа ене алды ма?

— Бәрін де қаз-қалпында бердім. Кімдердің ынтығасымен қудалау көргенін, небәрі 59 жылға созылған өмірінің соңғы кезеңінде, 1979 жылғы 19 мамырда «Ленинская смена» газеті жариялаған «Хлестаковпен автор болған» деген сойқанды фельетонды кім жазғанын түре ашып, содан өрбеген қастандық өмірінің ақтық сәтіндейін тыйылмағанын, бірде-бір ғылыми, әдеби еңбегін, көркем аудармаларын жариялай алмай, запы

болған, жиырма жылдан соң сол шама 90 пайызға жетті. Осы жетістік Ебіней Арыстанұлы ұсынған екі өсіспен жүзеге асқан. Жә, селен не үшін қажет десеніз, Финляндия биологтары жер қыртысында селен жетпейді дегенді, фин халқының жүрек дертіне жиі шалдығатынын зерттеумен біліп, селен элементін бөлетін өсімдіктер өсіруді мемлекеттік деңгейде шешкен. Демек, селенге сұраныстың ересен көбейетіні менің ұстазым 1960 жылдары болмаған. Ебекеннің шәкірттері ол жасаған схема бойынша Жезқазғанның қалдық кентасынан осмий элементін 99,99 пайыз тазалықта айыруды меңгеріп, сол элементті небәрі 3 келісін Чехияға 240 миллион долларға сатқанын біздің газеттер он жыл бұрын дабыралай жазды. Шындығында, Ебекен шәкірттері қолы жеткен жаңалықтың нарқын білмей, АҚШ-та алынған осмийге қарап, өздерінің ғылыми жетістігін кем бағалаған. Сөйтсе, америкалықтар оңимінің тазалығы небәрі 70 пайыздай ғана екен. Әлбетте одан кейінгі өнім бірнеше есе қымбаттады. Осмийге де ділгерлік қазірде еселен өсті, чех ғалымдары одан обыр дертінге қарсы дәрі-дәрмек жасауды меңгерген...

— «Біртуар Бөкетов» кітабыңызды Мәскеуден қалай шығардыңыз?

— Бұл енді детективке ұқсаған тарих. Сол кітапты аяқтауға тақаған кезімде Астанадағы «Фоллиант» баспасының иесі Нұрлан Исабеков Семейге телефон соғып, «Нартұлға» деген атаумен жаңа топтама ашпақ едім, соның бірінші кітабы етіп сіздің еңбегіңізді шығарайын, «Бөкетовті» маған беріңіз, қаламақаны да үстемелеп төлеймін» деді. Бірақ мен

«Бұл кітап әуелі тапсырыс жасаған «Қазақстан» баспасынан шығады, ал қажет десеніз, жарты жылдан кейін мәтіннің сізге де берейін, тек баспаныңыз кітабын көрмей, уәде етпеймін дедім. Бұл енді «қаламгер атаулы баспаны өзі таңдауға тиіс, керісінше, баспа қаламгерді емес...» деген шетелдік үлгіден шыққан озық дәстүр. Қысқасы, «Фоллиант» өндірістік мүмкіндігін ұнатқан соң қолжазбаны тағы бір мәрте редакциялап, «Нартұлға» топтамасына ұсындым. Ол кітап 2005 жылғы жарық көрді. Алғашқы «Бөкетовтің» 250 данасын Ебекеннің еліне, Солтүстік Қазақстан облысының кітапханасына сыйға тартқандыма, облыс әкімі Тайыр Мансұров «ЖЗЛ» топтамасынан тұңғыш елшіміз «Надір Төрекұлов» ғұмырнамамын жариялаған әуесқой әдебиетші: «Медеу аға, мына кітабыңызды тездетіп орысшаға аударыңыз, орысша басылымын мен көтерейін...» деген-ді. Сол сөз қозғаушы болып, ғұмырнамамын орысшасын дайындауға отырдым. Ол жұмыс біткен соң Қарағандыға барып, Ебекеннің ғалым-металлург шәкірті әрі әуесқой әдебиетші В. Малышев пен ҚарМУ-дың профессоры, филолог-доктор Т.Савченко деген зиялы әйелге аударманы ұсындым. Екеуі де қолжазбаны жата-жастанда оқып, «бұл аударма емес, біздің пайымдауымызша, орыс тілінде еркін жазылған туынды. Ешнәрқесі қысылмаңыз, кітап детектив сияқты тартымды оқылады, ең бастысы, біз білетін алып тұлғаның бейнесі ойдағыдай сомдалған» десті. Сол пікірлерін екеуі де ауызша ғана емес, жазып та берді, кітап жарық көргеннен кейін мерзімді баспасөз жүзінде де жарияланды. Қысқасы, «Евней Букетовтің» орысшасы «Фоллианттың» топтамасынан 5-кітап болып, орыс тілінде 2007 жылы жарық көрді. Екі реттен зерттеп құптаған пікірі мені ойға қалдырып, сол нұсқаны Мәскеуге ұсынғаным. Бұл енді, маймонкесі жоқ, «ең жеп, біле шығуың амалы». Мәскеуден де жыл басында мәтінді құптаумен қоса 5 мың дана кітаптың шығыны есептелген қалың кітапшы алыды. Сол құжатты Мәдениет министрі Ермұхамет Ертісбаевқа көрсеткенімде: «Ебекен менің ҚарМУ-де оқығанда «Болмасам да ұқсап баққан» сүйікті ұстазым. Мына қаржыны екі-үш айда үкіметтен алып, Мәскеуге аудартамын. Ештеңеге алаң болмай, үйіңізде тыныш жатыңыз. Мәскеуге де, іссапарға да қаржы беремін...» десті.

— Бұл енді «Бөкетовтің» 4-ші басылымы болды ма?

— Төртінші басылымды 2006 жылы алпысқа толар қарсаңында шығарған 6 томдық «Шығармалар жинағымын» 5-томы етіп шығарғаным. Ал министрдің уағдасының қызығынан гөрі шы-

ғығы көбірек болды. Мамыр айының аяқ шенінде Астанаға келіп, телефон шалып едім, министр: «Ағай, кешіріңіз, Қаржы министрі Коржова қаржы бермей, қырсығып отыр. Сірә, келесі жылға дейін бұл мәселе шешілмейді...» десті. Сол сөз шекеме сарт етті де: «Е, бауырым, мәселені қатынға сілтеген соң Бөкетовке құрметін де белгілі болды, бар бол!» деп тұрбақын жаптым. Сол күні бір досымның көлігімен Қарағандыға жеттім де, облыс әкімі Нұрлан Зайроллаұлы Нығматуллиннің көмекшісіне телефон шалдым. Әкімнің өзін білмеймін, Қарағанды техникалық институтында профессор Бөкетовтің дәрісін тыңдаған шәкірті екенін оймен шамаладым. Көмекшісі жарым сағаттан кейін: «Ағай, «Сәтбаев» кітабыңыз арқылы біздің өкім сізді біледі екен. Бүгін де, ертең де тек босамалды. Тосатын болсаңыз, сенбі күні қабылдайды...» деді. «Тосамын» дедім. Әкім уәде еткен сенбіде мені ерекше жылы шыраймен қабылдады. «Сәтбаев» кітабым туралы бірталай жылы лебіздер айтты, тегінде мен кітап оқытқан өкімдермен кездесуге құмармын, байқауымша, Нұрлан кітапқұмар қайраткер. Содан бір сәтте «Ал, Медеу аға, сонау Семейден келіп отырсыз, шаруанызды айтыңыз» деді. Мен артық-ауыс сөзге келмей, Мәскеу баспасының қалың кітабын алдына қойдым да: «Осы шаруаны оңды шешсең, екеуіміз де абырой болады, әсіресе, өзіне!» дедім. Нұрлан Зайроллаұлы маған қарап: «Үлкен шаруаны қаулап келіңізсіз» деді де, электрон есептегішті алып, Ресейдің рублін теңгеге аударды, сонсоң көмекшісің шашырды. Айтқаны: «Пәленшесің үйінен алып кел. Медеу ағайдың шаруасын қазір бітіреміз» деді. Шақырған кісісі «Сарыарқа» қорының бастығы, кексе жастағы қазақ әйелі екен. Ол кісіге есептегіштегі цифрды нұсқап, «қордағы ақша жете ме, аз болса, қосамын» деді. Қысқасы, маусым айының аяқ шенінде қажет қаржы Мәскеуге жөнелтілді. Тамыз айының орта шенінде Мәскеуге, редактормен жұмыс істеуге аттандым.

— Тағы да сұлу Ларисаға тап болдыңыз ба?

— Жоқ, Ирина Игоревна Никифорова есімді саркірді тартқан орыс әйелімен жұмыс істедім. Мінезі байсалды әрі ерекше білгір адам екен. Мәскеуге жеткеніме, қолжазбаның жартысын дайындап қойыпты. Еш жерін ескілетпеген, тек сойлемдерге ғана түзету жасапты. Онысы тіпті жарасымды. Небәрі екі аптада жұмысты бітірді. Мүмкіндік барла қылдырайтын деп, екі немеремді ала барғаным, екеуі де қыз бала, үлкені — студент. Соларға Мәскеуді көрсетіп, үнемі қыдырумен уақыт ұзаттық. «Бөкетов» 606 бет көлеммен жыл аяғында жарық көрді. «Сарыарқа» қоры оны арнайы күзетпен жүк машинасын жіберіп, келер жылдың басында Қарағандыға алғызды. Кітаптың тұсаукесер тойын Ебекеннің туған күні 23 наурызда Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың студенттер сарайында өткізді. Жер-жерден ғалымның шәкірттері шашырды. Оған отбасымын бардым. Лайықты құрметке шаш-етектен кенелдім. Қарағандының қазақ театры Ебекен Шекспирден аударған драманы көрсетті. Н.З. Нығматуллиннің өзі және Ебекеннің қарағандылық ғалым шәкірттері жаппай қуаныштан айтулы мереке болды. Бес мың дана кітап кітапханаларға таратылды, шәкірттері де сыйлыққа алды. Маған да 500 дана кітап сыйға берілді. Тегінде қарағандылықтар Ебекеннің сол өңірде 25 жыл ғұмырын ғылыми зор еңбектен өткізген ерлігін, қалтқысыз зор еңбегін құрметтеуден қалыңған емес. «Молодая гвардия» баспасы шығарған «Ебіней Бөкетов» кітабын тойлау да сол құрметтің асқар шыңы болды десем, артық-ауыс мақтан емес, шынайы мерекеге айналғанын көзім көріп, көңілім сүйсінген қуаныш. Соны жасаған Нұрлан Зайроллаұлы ініме шынайы ағалық жүректен алғыс айттымын.

— Сіздің «Необузданный историк» кітабыңыздың мұқабасының сыртында белгілі тарихшы, ғылым докторы, ҰҒА-ның академигі, профессор Талас Омарбековтің «Медеу Сәрсекенің Қ.Сәтбаев, Е.Бөкетов және Е.Бекмаханов туралы роман-эсселері 2003—2010 жылдарда «Молодая гвардия» баспасының аса мәртебелі өмірбаяндық серияларында жарық көрді. Тарихшы және туған еліміздің жанкүйері ретінде бұл кітаптарды мен ҚР Мемлекеттік сыйлыққа лайық үздік шығармалар деп білемін. Бұл кітаптар — нағыз халықтық шығармалар...» деген лебіз берілген. Сіз өзіңіз осы бағалауға не дейсіз, сыйлыққа үміткер болудан не себепті бас тарттыңыз?

— Бұл сөздерді Талас тарихшы 2011 жылы «Бекмаханов» кітабының тұсаукесер жылында жасаған баяндамасында айтқанды, оның ойын екінші баяндамашы, тарих ғылымдарының

докторы Берекет Кәрібаев та қолдап, залдағы дүйім жұрт қол соғып, осы жиында-ақ ұсынайық деп қолдау көрсеткен-ді. Алайда мен орнымнан тұрып, қолдаушыларыма рақмет айттып, сыйлық додасына түседен бас тартқаным. Дәлелге айтқан сөзім: «Сыйлық комиссиясы жабық дауыс бергенде жершілдік, тамыр-таныстық жасайды, сол себепті әділдік қазаға ұшырайды; ал мен жасым жетпіс бестен асқан қаламгермін, тектен-текке арамтер болып, жүйкемді тоздырған келмейді...» дегенмін. Сол пікірден қазір де айныған жоқпын. Өйткені 2000 жылғы додада менің «Қазақтаның Қанышы» романымыз Семей мен Қарағанды университеттері, Павлодар облысының әкімі сыйлыққа ұсынды. Соған жоғарыдағы уәжді айттып, қарсы болдым. Бірақ Сәтбаевтың жанкүйерлері қарсылығымызды елемей, додаға қосты. «Үкімет те сізді қолдайды, министрмен де келістіңіз» десті. Сыйлық комиссиясында қалыптасқан одағай дәстүр әрбір үміткер қырық шақты адамды алаптып, кітабын сыйлап, кейбіреулерге тамыр-таныстарын салып, бір ай бойы «маған дауыс бер» деп үгіт жүргізеді екен. Мен де сол дәстүрге бағытып, он шақты мүше бардым да тоқтаттым. Өйткені сондай паясық үгітті жасауға арым бармады. Қысқасы, бұйырағанын көрермін деп, Алматыға барып, баламын үйінде тыныш жаттым. Комиссия шешім қабылдаған күні кеште маған ескі досым, атақты жазушы Иван Павлович Шеголихин телефон шалып: «Медеу, саған екі дауыс жетпеді. Сені қулатқан өзіннің қазақтарың» дегенді айтты. Шынтуайты айтқанда, осындай жағдайлар әрбір додала қайталанатын. Әрбір сыйлық дауыс-шармен бітеді. Сондықтан да оған екінші рет түседен бас тарттым.

Енді сол сыйлықтың маған тиімеуінің мені қандай құрметке бөлегенін айтқанды. Дода тарқаған соң бір айдан соң, Семейдегі үйіме ҚР Президентінің прес-секретары Асылбек Бейсембиев телефон шалып: «Медеу аға, Президенттің атына сіздің лауреат болмағаныңызға наразылық білдірген 113 хат түсті. Соған қол қойғандардың жалпы қарамы мың қаралы. Сол хаттарға жауапты сіздің бергеніңіз жөн болар деген тұжырым жасалды. Міне, екі бума хат алдымда тұр. Соларды сізге жіберейін» деді. «Қарағым, ешкімге мен Президентке хат жаз дегем жоқ. Енді соларға не үшін жауап жазамын. Қысқасы, мені әуіреле!» деді едім, секретарь жігіт сөз тапқыш екен. «Медеу аға, сіздің еңбегіңізді қайтарымын біз басқаша бір жайттан ескертіп болдық. Ал қазір айтқанды істесіз. Үнемі үлкенімдей, бір мезгіл жастардың да ақылын сыйлаған жөн болады» деді. Менің райымнан қайтуға осы сөз түрткі болды. Айтпай-айтпай не керек, бір аптадан соң үйіме екі бума хат келді. Бірағы тауыса оқып, рақатқа баттым. Байқауымша, Қазақстанның 14 қаласынан жазылған. Кімдер десті: Жосалы бекетінің 7 жұмыскері, қарағандылық академик, Еңбек Ері Ә. Сағинов бастаған он шақты ғылым докторлары мен профессорлары, Семей пединститутының отыз шамалы оқытушылары, Ақтөбе, Шымкент, Жамбыл қалаларының мұғалімдері, баянауалдықтар, Алматыдан Дихан Әбішев, Шапық Шөкін, Қанекен ұрпақтарының атынан Ғаниса Қанышқызы және басқалар. Бәрін де жүрекжарды сөздері «Медеу қаламгердің ұзақ жылғы еңбегі неге өлді бағаланады?» делінген. Қысқасы, көңілім тасып: «Е, қарапайым еңбегім халыққа жеткен екен» деген қуанышқа бөлендім. Барлық тілектеріме рақмет айттып, еңбегімді бағалағаныма ризалық айттып хат жаздым. Соны және арнайы ашық хатқа бастырып, баспаханға бір айлық зейнетке қымды төлеп, маркі жапсырып, арнайы конвертпен жөнелттім. Күзге таман Семей әкімшітына шақырып, марапаттау қағазын толтырдым. Қысқасы, ҚР-дың он жылдығы тойында менің омырауыма облыс әкімі «Құрмет» орденін қалады. «Тәубе» дедім. Сол марапатты маған өперген оқырман қауымға және Елбасына рақмет айттым.

— Достұрлы сұрау, аға. Қазір не жазып жүрсіз?

— Үш жыл болды, «Семей қасіреті» деген кітап жазудамын. Менің төртінші бабам Дегелен болысына 1860 жылы келген. Сол биік тау қырық жылы ядролық жарылыстан төбешік болып, шөгіп қалды. Семей елі соның зардабын елі күнге дейін тартуда. Мен өзін айрық зонада 37 жыл тұрғаны үшін зейнетақыма қосымша аламын... Осының бәрін тізіп отырғаным — қырық жылдық қасіреттің бүркелуі шындығын ашуды өзіме міндет санаймын. Жә, бұл туралы сол кітапты тәмамдаған кезде сөз етермін.